

Берешекті реттеу шарттары мен тәртібі және төлемге қабілетсіз қарыз алушыға қатысты қолданылатын шаралар

Егер қарыз алушы жеке тұлға болып табылса, ол "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 9-2-бабының 1-тармағында көзделген хабарламаны ұйым жіберген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде ұйымға келуге және (немесе) жазбаша нысанда және (немесе) цифрлық объектілер арқылы және (немесе) микрокредит беру туралы шартта (бұдан әрі – Шарт) көзделген өзге де тәсілмен Заңның 9-2-бабының 2-тармағына сәйкес Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістері және оның Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін өзге де мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішті ұсынуға құқылы.

Бұл ретте ұйым Заңның 9-2-бабының 2-тармағында көзделген қарыз алушы - жеке-тұлғаның өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде Шарттың талаптарына қарыз алушы - жеке тұлға ұсынған өзгерістерді қарайды және жазбаша түрде қарыз алушыға Шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ цифрлық объектілері арқылы қабылдаған мынадай шешімдердің бірін хабарлайды:

- 1) Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні туралы;
- 2) Шарт талаптарын өзгерту бойынша өз ұсыныстары туралы;
- 3) Шарт талаптарына өзгерістерді енгізуден бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып бас тарту туралы.

Қарыз алушы – жеке тұлға ұйымның Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге Заңның 9-2-бабы 3-3-тармағының екінші бөлігінде көзделген мерзімде қол жеткізбеген кезде бір мезгілде ұйымды хабардар ете отырып, микроқаржы омбудсманына жүгінуге құқылы.

Условия и порядок урегулирования задолженности и меры, применяемые в отношении неплатежеспособного заемщика

В случае если заемщик является физическим лицом, он вправе в течение тридцати календарных дней с даты направления организацией заемщику - физическому лицу уведомления, предусмотренного пунктом 1 статьи 9-2 Закона Республики Казахстан "О микрофинансовой деятельности" (далее – Закон) посетить организацию и (или) в письменной форме и (или) через цифровые объекты, и (или) иным способом, предусмотренным договором о предоставлении микрокредита (далее – Договор) подать заявление, содержащее сведения о причинах возникновения просрочки исполнения обязательства по Договору, доходах и других подтвержденных обстоятельствах (фактах), которые обуславливают его заявление о внесении изменений в условия Договора, в соответствии с пунктом 2 статьи 9-2 Закона.

При этом в течение пятнадцати календарных дней после дня получения заявления заемщика - физического лица, предусмотренного пунктом 2 статьи 9-2 Закона, организация рассматривает предложенные заемщиком - физическим лицом изменения в условия Договора и письменно сообщает заемщику способом, предусмотренным Договором, а также через цифровые объекты, о (об):

- 1) согласии с предложенными изменениями в условия Договора;
- 2) о встречном предложении по изменению условий Договора;
- 3) отказе в изменении условий Договора с указанием мотивированного обоснования причин такого отказа.

Заемщик – физическое лицо в течение пятнадцати календарных дней с даты получения решения организации об отказе в изменении условий Договора или при недостижении взаимоприемлемого решения об изменении условий Договора, в срок, предусмотренный частью второй пункта 3-3 статьи 9-2 Закона, вправе обратиться к микрофинансовому омбудсману с одновременным уведомлением организации.

Қарыз алушы ұйымның Шарт бойынша төлемдерді, оның ішінде мерзімі өткен берешекті енгізу қажеттілігі туралы талабын қанағаттандырмаған, сондай-ақ жеке тұлға-қарыз алушы Заңның 9-2-бабы 2-тармағында көзделген құқықтарды іске асырмаған не қарыз алушы-жеке тұлғаның және ұйымның арасында Шарт талаптарын өзгерту бойынша келісім болмаған жағдайларда, Заңның 9-2-бабы 5-тармағына сәйкес ұйым қарыз алушыға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Шартта көзделген шараларды қолдануға, оның ішінде мыналармен шектелмей, берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге (ұйымның Шарт бойынша осындай құқығы болған жағдайда), Заңның 9-1-бабы 5-тармағында көрсетілген тұлғаға Шарт бойынша құқықты (талап етуді) беруге, Шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талаппен жүгінуге, сондай-ақ "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, кепілге берілген мүлікке соттан тыс тәртіппен немесе сот тәртібімен өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Қарыз алушы жеке тұлға микрокредит беру туралы шарттың талаптарына Заңның 9-2-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында және (немесе) 3) тармақшасында көзделген өзгерістерді енгізу туралы өтінішпен ұйымға жүгінсе, ұйым мұндай өзгерістерді шарттың талаптарына кемінде үш ай мерзімге енгізуге келіседі, егер Қарыз алушы жеке тұлға:

- 1) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жатса;
- 2) төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шексе.

Заңның 9-2-бабы 3-1 тармағының бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген қарыз алушы – жеке тұлғамен жасалған Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешім қарыз алушы өтініш білдірген айдың алдындағы он екі ай ішінде есептелген қарыз алушының орташа айлық кірісімен салыстырғанда қарыз алушы өтініш білдірген айдың алдындағы екі ай ішінде есептелген қарыз алушының орташа айлық кірісі отыз пайыздан астам төмендеген немесе ұйымға жүгінген сәтте атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған жағдайда қабылданады.

В случаях неудовлетворения заемщиком требования организации о необходимости внесения платежей по Договору, в том числе просроченной задолженности, а также нереализации заемщиком - физическим лицом прав, предусмотренных пунктом 2 статьи 9-2 Закона, либо отсутствия согласия между заемщиком – физическим лицом и организацией по изменению условий Договора, организация в соответствии с пунктом 5 статьи 9-2 Закона вправе применить в отношении заемщика меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и (или) Договором, включая, но не ограничиваясь, передать задолженность на досудебное взыскание и урегулирование коллекторскому агентству (в случае наличия такого права организации в Договоре), уступить право (требование) по Договору лицу, указанному в пункте 5 статьи 9-1 Закона, обратиться с иском в суд о взыскании суммы долга по Договору, а также обратить взыскание на заложенное имущество во внесудебном порядке, за исключением случаев, предусмотренных Законом Республики Казахстан "Об ипотеке недвижимого имущества", либо в судебном порядке.

Организация принимает решение о согласии с предложенными изменениями в условия Договора на срок не менее трех месяцев при подаче заявления о внесении изменений в условия Договора, предусмотренных подпунктом 2) и (или) подпунктом 3) пункта 2 статьи 9-2 Закона, заемщиком – физическим лицом:

- 1) относящимся к социально уязвимым слоям населения в соответствии с Законом Республики Казахстан "О жилищных отношениях";
- 2) пострадавшим в результате обстоятельств, послуживших основанием для введения чрезвычайного положения.

Решение о согласии с предложенными изменениями в условия Договора, заключенного с заемщиком – физическим лицом, указанным в подпункте 1) части первой пункта 3-1 статьи 9-2 Закона, принимается при условии снижения среднемесячного дохода заемщика, рассчитанного за два месяца, предшествующие месяцу обращения заемщика с заявлением, более чем на тридцать процентов по сравнению со среднемесячным доходом заемщика, рассчитанным за двенадцать месяцев, предшествующих месяцу обращения заемщика с заявлением либо назначения адресной социальной помощи на момент его обращения в организацию.